

«2011 жылғы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсын өткізу туралы хабарландыру

Конкурстың тақырыбы: «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік гранты (бұдан әрі-Грант).

Конкурсты ұйымдастырушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі 8, Министрліктер үйі, 11 кіреберіс

Байланыс телефондар: 8 (7172) 74 25 19, 74 25 20

Конкурс туралы ақпарат

Конкурс «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсын өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 8 қарашадағы № 462 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоғары оқу орындарының ғылыми және педагогикалық қызметтерде жоғары жетістіктері бар штаттық оқытушылары болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру мерзімі 2011 жылғы 8 қарашадан 1 желтоқсанға дейін.

Конкурстық өтінімді конкурсқа қатысушы мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынады.

Конкурстық өтінімге:

конкурсқа қатысу үшін өтініш (өтінім);

ЖОО ғылыми кеңесінің ұсынымы;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, жетекші ғалымдар мен мамандардан ұсыным хаттар;

растайтын құжаттармен қоса сапалық және сандық көрсеткіштерге сәйкес мәлімет;

шетелдік ЖОО-ның, ғылыми ұйымның тағылымдамадан өтуге қабылдау туралы жазбаша растауы;

қорытынды есепті беру мерзімі көрсетілген жылдық жұмыс жоспар кестесі;

жұмыс орны бойынша куәландырылған кадрлық есепке алу жөніндегі жеке парағы;

жеке куәліктің көшірмесі;

қазіргі қолданыстағы карталық базадағы 20-сандық шот туралы ақпарат.

Құжаттар қағаз түрінде дербес электрондық поштасы (e-mail) көрсетілген, парақтары нөмірленген, қатты мұқабада бекітілген түрде мына

мекен-жайға ұсынылады: Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, Министрліктер үйі, 11- кіреберіс, 643- кабинет.

Конкурсқа қатысушының дербес электрондық мекен-жайы тіркеуден өткеннен кейін электрондық түрде құжаттарды толтыру туралы мәлімет (www.edu.gov.kz) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сайтында орналастырылады.